

**«Сүгір Бегендікұлы атындағы №4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі бойынша
мектепте құрылған қамқоршылық кеңес мүшелері жөнінде мәлімет.**

№	Білім беру ұйымы.	Құрылған уақыты (күні бұйрық №)	Құрамы.	Байланыс телефоны.
1.	Сүгір Бегендікұлы атындағы №4 жалпы білім беретін мектеп.КММ	Жаңаөзен қалалық білім бөлімінің 2020 жылғы 13-ші қазанындағы №247 бұйрығына қосымша	О.Адилов-Ардагерлер кеңесінің мүшесі.	77783671461
			Р.Жұманазарова-Ата- аналар ком.төрайымы.	77023114811
			А.Бекенов-Тампоаж мекемесінің директоры.	77710880042
			А.Каменов-Ақсақалдар кеңесінің төрағасы.	77029590657
			Р.Таумұрынов ФОК	87015566245
			Д.Медеуов ККС мекемесі	87015330737
			А.Жарасов СКА Узен Строй Сервис	87015124475
			Е.Ғаниев-ЛТД Қызылсай	87017112198
			И.Сатыбаев –ӨМГӨБ-1	87014443886

Мектеп директоры: **Д.М.Джамалов**



Орындаған: С.Мусрепова

Хаттама № 1

12.09.2022ж

2022-2023 оқу жылында мектепте құрылған қамқоршылық кеңес мүшелерінің жиналысы өтті.

Қатысқандар: Кеңес мүшелері.

Мектеп басшысы: Д.М.Джамалов

ТЖО: С.Мусрепова

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау.
2. Қамқоршылық кеңес құрамындағы мүшелерінің басқа жұмысқа ауысуына және денсаулығына байланысты ауысқан мүшелердің орнына жаңа құрам сайлау.
3. Кеңестің жұмысын жандандыру мақсатында алдағы уақытта жасалатын жұмыстармен таныстыру.
4. Жаңа оқу жылына жоспар жасақтау.

Тыңдалды: ТЖО: С.Мусрепова жиналысқа қатысушыларға кеңестің мақсаты мен міндеттері туралы айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық және материалдық-техникалық базасының нығайтуына көмектесу, және де жұмысына қоғамдық бақылау жүргізу керектігі айтылды. Аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен танысу. Білім беру ұйымындағы қызметтің кемшіліктерін жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу, білім беру ұйымының басшысының кеңес мүшелері алдындағы есебін тындап қабылдау керектігі айтылды.

Сөйлеушілер: Мектеп басшысы Д.М.Джамалов сөйлеп, кеңес мүшелері мектептің жалпы ата-аналар жиналысында сайланғандығын, кеңес құрамына жергілікті атқарушы және жеке кәсіпкерлер мен ата-аналар бар екенін айтып өтті. Бүгінгі жиналыстың мақсаты осы кеңес мүшелерінің ішінен кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау.

Жарасов А: Кеңестің төрағасын сайлау үшін мектеппен үнемі тығыз байланыс жасайтын, жауапкершілігі, бос уақыты бар кісі болу керектігін айтты. Және кеңес төрағасы қылып Ораз Адилловты және хатшысы қылып Р.Жұманазарованың болуына ұсыныс жасады. Жиналысты аяқтай келе мектеп басшысы Д.М.Джамалов кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілеп, кеңес мүшелерінің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, демеушілердің мектептің материалдық базасының нығайтуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

Хаттама № 2

04.11.2022ж

2022 жылдың қараша айының 4-і күні мектепте қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы өтті.

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: О.Адилов

Кеңестің 8 мүшесі.

Мектеп басшысы: Д.М.Джамалов

Күн тәртібінде:

1. Қыс мезгілінде тез қараңғы түсіп оқушылардың соңғы сабақтан кеш шығатынын және ата-аналардың сұранысы бойынша, ІІ-ші тоқсанның бастап, 2-ші кезеңнің сабақтарын уақытша 40 минутқа қысқарту жөнінде өтініштерін қарау.
2. Әр түрлі мәселелер.

Алғашқы сөзді мектеп басшысы Д.М.Джамалов алып ол өз сөзінде кеңес мүшелеріне жұмыстарына табыс тілеп, оқу жылында мектептің ішкі мәселелеріне ақыл қосып, ақыл кеңестерімен бөлісіп отыруға шақырды. Кеңес мүшелерін 26-шы қазан 2022 жылғы шығыс №01.1-09-2869 хатының жауабымен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі негізінде нормативтік құжаттарға сүйене отырып, департамент тарапынан 2022-2023 оқу жылының 2-3 тоқсандағы сабақ ұзақтығын 40 минутқа қысқартуға қарсылық білдірмейді делінген. Осы хаттың негізінде және ата-аналардың өтініші негізінде сабақты уақытша 40 минутқа қысқартсақ. Құрметті кеңес мүшелері өздеріңіз білесіңіз қараша айының 7-нен бастап ІІ-ші тоқсан басталады. Сабақ басталған кезде ата-аналардан өтініш келіп түседі. Алдымызда қыс мезгілі, тез қараңғы түседі, оқушылар кеш шығады, алыстан қатынайтын оқушыларға үйлеріне бару өте қиын. Ата-аналар екінші мезгілдің соңғы сабақтарын қысқартып, балдарды сәл ерте жіберуді сұрайды, сол мәселе бойынша Сіздердің келісіміңіз керек. Сіздердің келісіміңіздермен уақытша қаңтар айының аяғына дейін ІІ-ші тоқсанның бастап, 2-ші кезеңнің сабақтарын 40 минуттан оқытамыз. Сонда кешкі 18.50-де толық сабақ аяқталады деп өз сөзін аяқтады. Қамқоршылық кеңес төрағасы О.Адилов сөз алып, ол өз сөзінде ата-аналардың өтініштері бойынша уақытша соңғы сабақтарды 40 минутқа қысқартуға келісім береміз ба деп кеңес мүшелерімен ақылдасып, өз пікірлерін айтты. Кеңес мүшелері ата-аналардың айтқанына қосылатынын, оқушылардың кеш шығатыны рас екенін айтып, бірауыздан уақытша сабақты қысқартуға келісім берді.

Жаңаөзен қаласы бойынша білім
бөлімінің басшысы Ө.Табынчаевқа
Сүгір Бегендікұлы атындағы
№4 ЖББМ әкімшілігінен

«Сүгір Бегендікұлы атындағы №4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де құрылған
қамқоршылық кеңесінің жұмысы мәліметі..

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім беру ұйымдардан қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығына сүйене отырып қыркүйек айында мектепте кеңес мүшелерінің отырысы өткізіліп, жұмыс жоспары бекітілді. Кеңес құрамы 9 адамнан құрылды. Жалпы қамқоршылық кеңестің мақсаты: -білім беруді басқаруға қоғамның қатысуының бір формасы. Нақты білім беру мекемесін және білім беруді дамытуға қызығушылығы бар барлық адамдарды ерікті түрде біріктіретін мемлекеттік емес, үкіметтік емес, коммерциялық емес, қоғамдық ұйым. Осы кеңес құрылғалы кеңес мүшелерімен отырыстар өткізіліп отырады. Бірінші отырыста кеңес мүшелерінің келісімін алып, мақсат міндеттерімен таныстырылды. Екінші отырыста үш айда өткізілген жұмыстары туралы айтылды. Кеңес мүшелері мектепте өткізілген шараларға қатысып отырады. Алдағы уақытта кәсіпкерлерден мектеп бітірген түлектерден қаражат есепке түсіп жатса сол қаражатты мектептің материалдық базасын нығайтуды жоспарлап отырмыз. Өткізілген отырыстардың хаттамалары әлеуметтік желілерде жарияланып отырады.

Мектеп басшысы:  Д.М.Джамалов

Орындаған: С.Мусрепова



070000, г. Астана, ул. Мухоморова, 1
т. ф.: 7 (7172) 341894, факс:
e-mail: pravo@edu.gov.kz

070000, г. Астана, ул. Мухоморова, 1
т. ф.: 7 (7172) 341894, факс:
e-mail: pravo@edu.gov.kz

МОББ ЖҚБББ «Сүгір Бегендіқұлы атындағы
№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Кіріс № 01-171132
28.04.2023 ж.

Облыстардың, Астана,
Алматы, Шымкент
қалаларының білім
басқармалары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін жұмыс үшін *жолдайды*, оларға ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 №56 *бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді*.

Бұйрық «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің *ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастырылған*.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың мамыр айының 2 және 3 онкүндігінде қосымша жіберілетін кестеге сәйкес білім басқармалары мен бөлімдерінің қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарының басшыларына, қамқоршылық кеңестердің мүшелеріне және басқа да санаттарға білім беру деңгейлері бойынша *Қағидалардың талаптарын түсіндіру* жоспарланып отырғанын хабарлаймыз.

Қосымша: 79 п.

Төраға

Н. Оспанова

Ибраева С.А, 742342,
s.ibraeva@edu.gov.kz



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, КЗ, IIN690721400256, ЖАМБЕКОВНА

Әділет

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4995 болып тіркелген, 2007 жылғы 30 қарашадағы № 184 (1387) "Юридическая газета" газетінде жарияланған) № 501 бұйрығы;

2) "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14751 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) № 715 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е.Ерсайынов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық акпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;